

Құрылыс салушылардың салық салынатын базасын ұлғайту мәселесі жөнінде жұмыс тобын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 20 желтоқсандағы N 360-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 2007.05.23. N 135 өкімімен.

1. Салық заңнамасына тұрғын үйді сату бағасының құнын оның құрылысының өзіндік құнымен салыстырғанда 15-20 пайыздан аса жоғарылататын құрылыс салушылардың салық салынатын базасын ұлғайту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекші

Тихонюк - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті төрағасының орынбасары, жетекшінің орынбасары

Кнюх - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салық саясаты және болжамдар департаментінің директоры, хатшы

Ермекова - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры

Сағындықов - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің директоры

Қыпшақов - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті

Арғын Мықтыбайұлы

салықтық әкімшілендіру басқармасының

бастығы

- Мұқашев - Қазақстан Республикасы Әділет
Марат Жомартбекұлы министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының орынбасары
- Ибадуллаев - Астана қаласы бойынша Тұрғын үй
Абдулла Сәбиұлы департаменті директорының орынбасары
- Маймақов - Алматы қаласы бойынша Экономика
Рабандияр Маймақұлы және бюджеттік жоспарлау департаменті
директорының орынбасары
- Белович - "Базис-А корпорациясы" жауапкершілігі
Павел Александрович шектеулі серіктестігінің
вице-президенті
- Рахметова - "BI GROUP" акционерлік қоғамының
Гүлнәр инвестициялар жөніндегі басқарушы
директоры
- Ыбыраев - "Азат" тұтынушылар мен жеке
Берік Ақанұлы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау
жөніндегі қоғамдық бірлестік
басқармасы төрағасының орынбасары

2. Жұмыс тобы 2006 жылғы 25 желтоқсанға дейінгі мерзімде құрылыс салушылардың салық салынатын базасын ұлғайту мәселесі жөніндегі ұсыныстарды белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

Премьер-Министр